

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтикалық, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық нормаларды, ережелер мен талаптарды қолдану туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 20 қаңтар N 61

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 28 қыркүйекте Мәскеу қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтикалық, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық нормаларды, ережелер мен талаптарды қолдану туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтикалық, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық нормаларды, ережелер мен талаптарды қолдану туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Үкіметтері

1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімнің, 1999 жылғы 2 сәуірдегі Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың ережелерін және ТМД үкіметтерінің басшылары кеңесінің 1999 жылғы 4 маусымдағы ТМД мемлекеттерінің басшылары кеңесінің 1999 жылғы 2 сәуірдегі Еркін сауда аймағын қалыптастыру бойынша шешімін орындау жөніндегі жұмыстардың негізгі бағыттары туралы шешімін, 2000 жылғы 20 маусымдағы Еркін сауда аймағындағы техникалық кедергілер жөніндегі келісімді, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде жасалған өзге де тиісті халықаралық шарттарды басшылыққа ала отырып,

1998 жылғы 6 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жалпы аграрлық рыногы туралы келісімді дамытуда,

Тараптардың халықаралық құқықтары мен ұлттық заңдарының жалпы танымалы нормаларына сүйене отырып,

өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі кеңейтуге ұмтыла отырып,

ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде қабылданған адам өмірі мен денсаулығын қорғауға, фитосанитариялық жағдайды жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауға жәрдемдесетін шаралардың өзектілігін тани отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптардың кедендік аумақтарына әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтикалық, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық нормаларды, ережелер мен талаптарды (бұдан әрі - талаптар) қолдану тауарлар әкелінген кезде бұзушылықтарды анықтауға, алдын алуға және болдырмауға бағытталған нормалар мен ережелердің жиынтығын қамтиды.

2-бап

Тараптар тараптардың кедендік аумақтарына әкелінетін тауарларға қатысты талаптардың қолданылуы үшін мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыруды Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес белгіленген министрліктері мен ведомстволарына (бұдан әрі - уәкілетті органдар) жүктейді.

3-бап

Талаптарды қолдану тәртібі бір Тараптар аумақтарында өндірілген және екінші Тараптардың кедендік аумақтарына әкелінуге арналған тауарларға қолданылады.

4-бап

Тараптардың аумақтарында қолданылатын талаптарға сәйкес келмейтін тауарларды ә к е л у г е ж о л б е р і л м е й д і .

Тараптар қолданыстағы талаптарға сәйкес келмейтін тауарлардың әкелінуін болдырмау үшін уәкілетті органдарға келісілген іс-қимылдар жасауды қамтамасыз етуді тапсырады.

5-бап

Уәкілетті органдар Өнімдерді сертификаттауды жүргізудің тәртібі мен ережелеріне жалпы талаптарды (1-қосымша), Міндетті сертификаттауға жататын тауарларды ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің кедендік аумақтарына әкелу тәртібі туралы ережені (2-қосымша) және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің шекаралары арқылы өткізілетін тауарларға қатысты санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық бақылауды ұйымдастыруға жалпы талаптар туралы ережені (3-қосымша) басшылыққа алады.

6-бап

Уәкілетті органдар тауарларды сертификаттауды жүзеге асыратын тіркелген органдардың тізбелерімен, адамның денсаулығы үшін қауіпсіз көрсеткіштер бойынша өнімдерді (тауарларды) медициналық-биологиялық және басқа да зерттеулерді жүзеге асыратын тіркелген әрі аттестатталған мекемелер мен ұйымдардың тізбелерімен, сертификаттардың үлгілерімен, ұлттық сәйкестік белгілерімен, сондай-ақ міндетті сертификаттауға жататын өнімдердің тізбелерімен және мемлекеттік санитарлық,

фитосанитариялық және ветеринарлық бақылауға жататын тауарлардың тізбелерімен алмасады.

7-бап

Тараптардың кедендік аумақтарына дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медицина техникасын, биопрепараттарды, жануарларды қорғау құралдарын, ветеринарлық жабдық пен құрал-саймандарды әкелу Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

8-бап

Тараптар 1973 жылғы 3 наурыздағы Құрып кету қатері төнген жабайы флора мен фауна түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның ережелерін (СИТЕС) және егер сауда объектілері оның қолданысына түсетін болса, СИТЕС конференциясының қарарларын басшылыққа алады.

9-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптар оны күшіне енгізу үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы үшінші хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

Қажетті рәсімдерді кешіктіріп орындаған Тараптар үшін ол депозитарийге тиісті құжаттарды сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

10-бап

Осы Келісімге Тараптардың ортақ келісімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады. Өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің 9-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

11-бап

Осы Келісімді қолдану мен түсіндіруге байланысты даулар мен келіспеушіліктер мүдделі Тараптардың келіссөздері жолымен шешіледі.

12-бап

Осы Келісім оны күшіне енгізген күннен бастап бес жыл бойы қолданылады және егер тараптар басқа шешім қабылдамаса, одан арғы бесжылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

13-бап

Осы Келісім оған оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін, барлық Тараптардың келісімімен мұндай қосылу туралы құжаттарды депозитарийге беру жолымен үшінші мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Қосылу депозитарий мұндай қосылуға келісім туралы соңғы хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енгізілді деп есептеледі.

14-бап

Әрбір Тарап шығу күніне дейін алты айдан кешіктірмей депозитарийге ол туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шығуы мүмкін.

2001 жылғы 28 қыркүйекте Мәскеу қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде

жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады, ол оның куәландырылған көшірмесін осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке жібереді.

Әзербайжан Республикасының

Молдова Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Грузия

Түркіменстан

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қырғызстан Республикасының

Украина

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

2001 жылғы 28 қыркүйектегі

Тәуелсіз

Мемлекеттер

Достастығына

қатысушы

мемлекеттерге

әкелінетін

тауарларға

қатысты

техникалық,

медициналық,

фармацевтикалық,

санитарлық,

ветеринарлық

және

фитосанитариялық

нормаларды,

ережелер

мен

талаптарды

қолдану

туралы

келісімге

1-қосымша

Өнімдерді сертификаттауды жүргізудің тәртібі мен ережелеріне ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

Осы Өнімдерді сертификаттауды жүргізудің тәртібі мен ережелеріне жалпы талаптар (бұдан әрі - Жалпы талаптар) бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтикалық, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық нормаларды, ережелер мен талаптарды қолдану туралы келісімге қатысушы болып табылатын мемлекеттердің өнімдерін міндетті сертификаттауды жүргізудің тәртібі мен ережелерін жүзеге асырудың жалпы қағидаттарын айқындайды.

Жалпы талаптар Тараптар арасындағы саудада өнімдерді сертификаттаудың нәтижелерін тануды қамтамасыз етуге және қосымша кедергілерді болдырмауға бағытталған.

1. Жалпы ережелер

1.1. Өнімдерді сертификаттау бойынша қызмет Тараптардың ұлттық заңдарына және осы Жалпы талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

1.2. Өнімдерді міндетті сертификаттау Тараптардың ұлттық заңдарында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

1.3. Міндетті сертификаттауға жататын тауарлар тізбесін әрбір Тарап өзінің ұлттық заңдарына сәйкес айқындайды.

1.4. Өнімдерді міндетті сертификаттау кезінде пайдаланылатын нормативтік құжаттар техникалық регламенттерден, мемлекетаралық немесе ұлттық стандарттардан, қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен оны қорғау жөніндегі санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық нормалар мен талаптардан және өнімдерге міндетті талаптарды белгілейтін Тараптардың заңдарына сәйкес өзге де құжаттардан тұрады.

1.5. Өнімдерді сертификаттау кезінде қолданылатын сынақтардың әдістері олардың немесе балама әдістердің көмегімен басқа Тараптар сынақтарының салыстырмалы нәтижелерін алуға мүмкіндік беруге тиіс.

1.6. Сертификаттау сызбалары Тараптардың өнімдерін сертификаттау жүйелерімен белгіленеді.

1.7. Өнімдерді сертификаттауды және оның сынақтарын өздерінің тіркелу аясы шегінде Тараптар аумақтарында белгіленген тәртіппен тіркелген сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ зертханалары (орталықтары) жүргізеді.

1.8. Сертификаттау жөніндегі тіркелген органдар мен сынақ зертханаларының тізілімі басқа Тараптар мемлекеттері үшін қол жетімді болуға тиіс.

1.9. Өнімдерді сертификаттау жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін танудың ережесі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңестің 1993 жылғы 20 қазандағы мәжілісінде қабылданған Сертификаттау жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін танудың тәртібімен, N 4-93 хаттама, Кеңестің 1995 жылғы 12 қазандағы мәжілісінде қабылданған б-тармағының өзгерістерімен, N 8-95 хаттама және Тараптар арасындағы осы саладағы екі жақты келісімдермен реттеледі.

2. Өнімдерді сертификаттауды жүргізудің тәртібіне қойылатын жалпы талаптар

2.1. Өнімдерді сертификаттау мына рәсімдерді қамтиды:

- өтінім беруді;
- өтінімді қарауды және ол бойынша шешім қабылдауды;
- өнімдерді бірегейлендіруді, тіркелген сынақ зертханаларында үлгілерді іріктеу мен сынақтан өткізуді;
- өндірісті, сапа жүйесін тексеруді сертификаттауды (егер бұл сертификаттау сызбасында көзделген болса);
- алынған нәтижелерді талдауды, сертификат пен сәйкестік белгісін қолдануға рұқсатты (лицензияны) ресімдеу мен беруді;
- сертификатталатын өнімді, сапа жүйесін (егер бұл жүйені сертификаттау сызбасында көзделсе) инспекциялық бақылауды.

Әрбір сертификаттау рәсімі құжатты түрде ресімделуге тиіс.

2.2. Өнімдерді сертификаттауды жүргізу үшін өтініш иесі тиісті өнімдерді

сертификаттау жөніндегі тіркелген органға өтінім жібереді.

Өтінім нысаны мен оған қоса берілетін құжаттардың құрамы мен мазмұны Тараптардың өнімдерді сертификаттау жөніндегі ұлттық жүйесімен белгіленеді.

2.3. Өнімдерді сертификаттау жөніндегі орган өтінімді, оның ішінде сызбасын қарайды және ол бойынша сертификаттауды жүргізу шарттарынан тұратын шешім қабылдайды.

Сертификаттау сызбасын таңдау кезінде өндірістің, сынақтың, жеткізілімнің және нақты өнімді пайдаланудың ерекшеліктерін, дәлелдіктің талап етілетін деңгейін, өтініш иесінің ықтимал шығындарын ескерген жөн.

2.4. Сынақтар оларды дайындау конструкциясы, құрамы мен технологиясы тұтынушыға (тапсырысшыға) жеткізілетін өнімдердегі сияқты болуға тиісті үлгілерде жүргізіледі.

Үлгілердің саны, оларды іріктеудің тәртібі, біріздендіру мен сақтау ережелері осы өнімге арналған нормативтік құжаттарға және Тараптар сынақтарының әдістемелеріне сәйкес белгіленеді.

Сынақтардың хаттамалары өтініш иесі мен өнімдерді сертификаттау жөніндегі органға ұсынылады. Сынақтар хаттамаларының көшірмелері Тараптардың сертификаттау жүйелерінде белгіленген, алайда сертификатты қолдану мерзімінен кем емес мерзімдер бойы сақталуға жатады.

2.5. Сертификаттау сызбасына қарай өндірістің жай-күйін бағалау немесе сапа жүйесін сертификаттау жүргізіледі.

2.6. Сертификаттау жөніндегі орган сынақтар хаттамаларын, өндірістің жай-күйін бағалау актілерін, сапа (өндіру) жүйесіне сертификаттарды, егер бұл сертификат сызбасымен белгіленген болса, өнімдердің сәйкестігі туралы басқа да құжаттарды талдағаннан кейін өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін жалпы бағалауды жүзеге асырады, сертификатты ресімдейді және тіркейді.

Сертификатта сертификатты беру үшін негіздеме болып табылатын барлық құжаттар көрсетіледі.

Міндетті сертификаттаған кезде, егер өнім осы өнімге арналған барлық нормативтік құжаттармен белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келсе, сертификат беріледі.

2.7. Сәйкестік сертификатын қолданудың мерзімін өнімдерді сертификаттау жөніндегі орган белгілейді.

2.8. Сертификат берілген өнім Тараптардың сертификаттау жүйесінде қабылданған рұқсаттың (лицензияның) негіздемесінде таңбалануы мүмкін. Сәйкестік белгісі бұйымға және/немесе заттаңбасына (жапсырма қағаз), ыдысқа, неғұрлым аз тұтыну қаттамасына, ілеспе техникалық құжаттамасына қойылады.

2.9. Сертификатталатын өнімге қоса берілетін ілеспе құжаттамаға жүргізілген сертификаттау туралы жазу жазылады да, сертификаттың нөмірі мен берілген күні және оны берген орган көрсетіледі.

2.10. Бір Тараптың сертификаттау жөніндегі органы белгіленген тәртіппен екінші Тараптың сертификаттау жөніндегі органы берген сертификатты танудың негізінде с е р т и ф и к а т б е р е а л а д ы .

2.11. Сертификатталған өнімді, сапа жүйесін инспекциялық бақылау (егер ол сертификаттау сызбасымен көзделсе) сертификатты қолдану мерзімі ішінде, алайда өнім үлгілерін сынақтан өткізуді және сатылатын өнімнің сертификаттау кезінде расталған белгіленген талаптарға сәйкестігінің жалғасуын растау үшін қажет басқа да тексерулерді қамтитын мерзімдік және жоспардан тыс тексерулер нысанында кем дегенде жылына бір рет жүргізіледі.

2.12. Инспекциялық бақылаудың нәтижесі бойынша өнімді сертификаттау жөніндегі орган сертификаттау кезінде бақыланатын өнімдер нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда сертификатты тоқтата тұра немесе оның күшін ж о я а л а д ы .

2.13. Міндетті сертификаттаудың теріс нәтижесі кезінде сертификаттау жөніндегі орган сертификаттау жөніндегі ұлттық уәкілетті органды хабардар етуге тиіс.

3. Сертификаттаудың нәтижелері туралы ақпаратқа қойылатын жалпы талаптар

3.1. Тараптардың сертификаттау жүйелерінің мемлекеттік тізілімі сертификаттауды ақпараттық қамтамасыз етудің негізі болып табылады.

3.2. Бір Тараптың Өнімдерді сертификаттау жөніндегі ұлттық органдары екінші Тараптың өнімдерді сертификаттау жөніндегі ұлттық органдарына мынадай ақпаратты ұ с ы н а д ы :

- сертификаттау жүйесінде қолданылатын сертификаттардың нысандары мен с ә й к е с т і к б е л г і л е р і н ;
- міндетті сертификаттауға жататын өнімдердің тізбелерін;
- сериялы шығарылатын өнімдерге сертификаттардың күшін жою, оларды тоқтата тұру және қайта жаңғырту туралы мәліметтерді;
- өнімдерді сертификаттау жөніндегі тіркелген органдар мен сынақ зертханалары (орталықтары) туралы мәліметтерді.

3.3. Бір Тараптың Өнімдерді сертификаттау жөніндегі органы өзінің ұлттық заңдарына сәйкес екінші Тараптың сертификаттау жөніндегі органының немесе басқа да мемлекеттік органының сұрауы бойынша мыналарды ұсынады:

- нақты өнімге сертификаттың берілуін және оның қолданылу мерзімін растауды;
- сертификаттық сынақтардың хаттамаларын, басқа да мәліметтерді, мысалы, сертификатты ұстаушы, өнімді дайындаушы туралы қосымша мәліметтерді.

3.4. Тараптың өнімді сертификаттау жүйесінде берілген сертификаттың көшірмесі оның аумағында белгіленген тәртіппен куәландырылады.

3.5. Тараптар қажетіне қарай сертификаттау жөніндегі органдардың тізбелерімен, сертификаттарды куәландыруға уәкілеттік берілген тұлғалардың мөрлерімен және қол қою үлгілерімен алмасуына болады.

2001 жылғы 28 қыркүйектегі
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы мемлекеттерге әкелінетін
тауарларға қатысты техникалық,
медициналық, фармацевтикалық,
санитарлық, ветеринарлық және
фитосанитариялық нормаларды,
ережелер мен талаптарды
қолдану туралы келісімге
2-қосымша

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің кедендік аумақтарына міндетті сертификаттауға жататын тауарларды әкелудің тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтикалық, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық нормаларды, ережелер мен талаптарды қолдану туралы келісімге қатысушы болып табылатын мемлекеттердің кедендік аумақтарында міндетті сертификаттауға жататын тауарларды (бұдан әрі - тауарлар) шығарудың тәртібін айқындайды, ұлттық заңдармен және жоғарыда аталған мемлекеттер қатысушылар болып табылатын халықаралық шарттармен көзделген жағдайлардан басқа, меншік нысанына, тіркелген орнына, ведомстволық және мемлекеттік бағыныстылығына қарамастан Тараптардың аумақтарында тіркелген барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерге қолданылады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Еркін айналым үшін Тараптардың кедендік аумақтарында шығару кезінде міндетті сертификаттауға жататын тауарлар осы мемлекеттерде белгіленген техникалық регламенттерге, міндетті стандарттар мен талаптарға сәйкес келуге тиіс. Тиесілі жағдайларда ұлттық сертификаттау жүйесінде тіркелген өнімдерді сертификаттау жөніндегі орган берген сәйкестік сертификаты немесе осы мемлекетте енген тәртіппен куәландырылған сертификаттың көшірмесі немесе басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсат беру құжаттары болуға тиіс. Көрсетілген құжаттар кедендік ресімдеу кезінде кедендік декларациямен бірге кеден органына ұсынылады.

1.2. Тараптардың кедендік аумақтарына әкелінетін және міндетті сертификаттауға жататын тауарлардың тізбесі Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес айқындалады.

Көрсетілген Тауарлар тізбесі мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінің Тауарлар номенклатурасының талаптарына сәйкес жасалады.

1.3. Егер ұлттық заңнамамен өзге көзделмеген болса, импорт шығарушы мемлекеттің өнімдерді сертификаттау жүйесінің ережесі бойынша берілген сәйкестік сертификаты тауарлардың Тараптардың кедендік аумақтарында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжат болып табылады.

1.4. Тараптардың кедендік аумақтарына міндетті сертификаттауға жататын тауарларды жеткізуге жасалған келісім-шарттардың (шарттардың) шарттарында Тараптардың сертификаттау жөніндегі уәкілетті органдары беретін немесе танитын сертификаттың және қажетіне қарай, сәйкестік белгісінің болуы көзделеді.

2. Кедендік режимдердің шарттарына сәйкес тауарларды шығару ерекшеліктері

2.1. Ұлттық заңдарға сәйкес міндетті сертификаттаудың жүргізілгендігін растауды талап ететін белгілі бір кедендік режимге орналастыру кезінде міндетті сертификаттауға жататын тауарлар сертификаттарды немесе уәкілетті органдардың басқа да рұқсат беру құжаттарын ұсыну шартымен Тараптар аумақтарында шығаруға ж а т а д ы .

2.2. Тараптардың ұлттық заңдарымен көзделген басқа да жағдайларда тауарлар орналастырылатын кедендік режимдерге қарамастан сәйкестік сертификаттарын ұсыну шарттарынсыз міндетті сертификаттауға жататын тауарларды шығаруға болады.

3. Әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу

3.1. Кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес осыған белгіленген орындарда жүргізіледі.

3.2. Олардың кедендік шекаралары арқылы өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу Тараптардың ұлттық заңдарымен айқындалған мемлекеттік бақылау түрлерін жүзеге асырғаннан кейін аяқталуы мүмкін.

3.3. Кедендік декларациямен және кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау жүргізу үшін қажет өзге де құжаттармен бірге декларант кедендік органға белгіленген нысан бойынша сәйкестік сертификатын (тану туралы куәлік) және/немесе белгіленген талаптарға сәйкес уәкілетті органның әкелу құқығына рұқсатын ұсынуға міндетті.

Кедендік декларацияда айғақталған мәліметтердің дұрыстығын растау үшін кедендік орган кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін қажет қосымша құжаттар мен мәліметтерді ұсынуды талап етуге құқылы.

3.4. Сертификаттау мақсаттары үшін декларанттар немесе тауарға қатысты өкілеттіктерге ие өзге де тұлғалар кедендік органның рұқсатымен әкелінетін тауарларды қарауына және олардың сынамалары мен үлгілерін алуына болады.

Сынамалар мен үлгілер кедендік органның лауазымдық тұлғасының қатысуымен осы сынамалар мен үлгілерді зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ең аз мөлшерде а л ы н а д ы .

Сынамалар мен үлгілерді алу туралы Тараптардың ұлттық заңдарымен белгіленген нысан бойынша акті жасалады, оған уәкілетті лауазымдық тұлға, сондай-ақ сынамалар мен үлгілерді іріктеуді жүргізген адамдар қол қояды.

Тауарларға қатысты берілетін кедендік декларацияда олар қамтылу шартымен тауарлардың сынамалары мен үлгілеріне жекелеген декларация берілмейді.

Сынақтың нәтижесінде сынақтан өткізілетін үлгілерді қайтару немесе оларды

жоғалту (жою) шарттары декларант пен тауарларға қатысты өкілеттіктерге ие өзге де тұлғалар мен аумағында осы тауар шығарылатын Тараптың сертификаттау жөніндегі органының арасында жасалған сертификаттауды жүргізу шартында айтылуға тиіс.

3.5. Сертификаттау мақсатында сынақтан өткізу үшін сынамалар мен үлгілер ретінде Тараптың аумағына әкелінетін тауарды кедендік ресімдеу, егер Тараптардың ұлттық заңдарымен өзге көзделмесе, сәйкестік сертификатынсыз, сертификаттау үшін қажетті тауарлардың саны көрсетіле отырып, сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның сертификаттау жөніндегі жұмысты жүргізуге шарттың болуы туралы хатын ұсыну арқылы жүргізіледі.

2001 жылғы 28 қыркүйектегі
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы мемлекеттерге әкелінетін
тауарларға қатысты техникалық,
медициналық, фармацевтикалық,
санитарлық, ветеринарлық және
фитосанитариялық нормаларды,
ережелер мен талаптарды
қолдану туралы келісімге
3-қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекаралары арқылы өткізілетін тауарларға қатысты санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық бақылауды ұйымдастыруға қойылатын талаптар туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтикалық, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық нормаларды, ережелер мен талаптарды қолдану туралы келісімге қатысушылар болып табылатын мемлекеттердің шекаралары арқылы өткізілетін тауарларға қатысты санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық бақылауды ұйымдастырудың жалпы қағидаттарын және бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы мемлекеттердің кедендік аумақтарына оларды әкелуді ресімдеудің тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1.1. Келісімге қатысушы мемлекеттердің шекаралары арқылы өткізілетін тауарларға (бұдан әрі - бақылаудағы тауарлар) қатысты (болжамды тізбелер осы Ережеге қосымшада көрсетілген) санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық бақылау (бұдан әрі - бақылау) олардың саудаға теріс әсерін ең аз мөлшерге келтіру үшін әкелу тәртібін бұзуды анықтауға, алдын алуға және тыюға, сондай-ақ Тараптардың аумақтарында адамдардың өмірі, денсаулығы, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық ахуал үшін зиянды салдарларды болдырмауға бағытталған шаралар

мен ережелердің жиынтығын қамтиды.

1.2. Санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық бақылау әкелінетін тауарларға, ішкі тұтынуға арналып өндірілген өнімге қолданылады.

Мемлекеттік санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық бақылаудағы тауарлардың тізбесі әрбір мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес айқындалады.

2. Бақылауға жатқызылған тауарларды бақылауды ұйымдастыру және оларға қойылатын талаптар

2.1. Бақылауды жүзеге асыру үшін Тараптар олар арқылы санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық бақылау талаптарына сәйкес емес тауарлардың әкелінуіне жол бермеу жөніндегі іс-қимылдарды келісу қамтамасыз етілетін тиісті министрліктер мен ведомстволарды (бұдан әрі - уәкілетті органдар) белгілейді.

2.2. Іс-қимылдардың келісімділігі мақсатында тараптардың уәкілетті органдары талаптарды өнімнің сапасына жақындастыру және стандарттар мен басқа да нормативтік құжаттарды біріздендіру мәселелерінде ынтымақтасады, гигиеналық, ветеринарлық, фитосанитариялық куәліктердің (қорытындылардың, сертификаттардың) және басқа құжаттардың үлгілерімен алмасады.

2.3. Бақылауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын нормативтік құжаттар Тараптардың ұлттық заңнамасына, ал мұндайлар болмаған жағдайда - халықаралық нормаларға (Codex Alimentarius, Халықаралық эпизоотиялық бюро мен өсімдіктерді қорғау жөніндегі халықаралық конвенция белгілеген стандарттарға, директивалар мен ұсынымдарға) сәйкес ұлттық мемлекеттік стандарттарды, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық нормаларды, ережелер мен басқа да нормативтік құжаттарды қ а м т и д ы .

2.4. Тараптардың кедендік аумақтарына әкелінетін бақылаудағы тауарлар мемлекеттерде қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық, актілердің, ал мұндайлар болмаған жағдайда - халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2.5. Уәкілетті органдар белгіленген нысан бойынша берген құжаттардың болуы Тараптардың кедендік аумақтарына бақылаудағы тауарларды әкелудің және сатудың міндетті шарты болуға тиіс. Мұндай құжаттары жоқ бақылаудағы тауарларды әкелуге, пайдалануға және сатуға жол берілмейді.

2.6. Санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыруды растаудың болуы кедендік бақылауды жүргізу кезінде тауарларды әкелудің міндетті шарты болып табылады.

Кедендік ресімдеу үшін кедендік декларациямен қатар мемлекеттік органдар: ветеринарлық қызмет, өсімдіктерді карантиндеу және қорғау жөніндегі қызмет пен импорт әкелуші мемлекеттің санитарлық-эпидемиологиялық қызметі берген рұқсат қ ұ ж а т т а р ы ұ с ы н ы л а д ы .

Егер Тараптардың ұлттық заңнамаларымен өзге көзделмесе, міндетті сертификаттауға жататын өнімдер үшін сәйкестік сертификаты ұсынылады.

2.7. Тараптардың кедендік аумақтарына бақылаудағы тауарларды әкелу кезінде осы тауарларға қатысты өкілеттіліктері бар тұлғалар тиісті мемлекеттік бақылау органдарына көрсетілген құжаттарды ұсынады.

3. Бақылауға алынатын тауарларды әкелуді ресімдеу тәртібі

3.1. Өткізу пункттерінде импорт әкелуші мемлекеттің мемлекеттік бақылау органдары импорт әкелуші мемлекеттің ұлттық заңнамаларына сәйкес әкелінетін тауарларға қатысты бақылаудың барлық түрлерін жүзеге асырады. Мемлекеттік бақылау органдарының қызметкерлері өз құзыреттерінің шегінде бақылаудағы тауарлардың ілеспе құжаттарын зерделеуді жүргізеді. Қажетіне қарай кедендік органдармен келісілген тәртіппен байқау жүргізіледі де, зертханалық сараптамалар үшін сынамалар мен үлгілер іріктеледі. Бақылаудағы тауарларға қатысты өкілеттігі бар тұлғалар мемлекеттік бақылау органдары өзінің құзыреті шегінде осы тауарларға қатысты қойылуы мүмкін қосымша талаптарға бағынуға міндетті.

Кедендік органдардың бақылаудағы тауарлардың әкеліну мүмкіндігі туралы хабарлау тәртібі Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес айқындалады.

3.2. Мемлекеттік бақылау органдары ресімдеген құжаттар тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуді өткізу үшін тиісті кедендік органға ұсынылады.

Мемлекеттік бақылау органдары бақылау рәсімдерін аяқтағаннан кейін кедендік органдар бақылауға алынатын тауарларды кедендік ресімдеуді аяқтайды.

3.3. Мемлекеттің кедендік аумағына бақылаудағы тауарларды әкелуге жол бермеу туралы шешім қабылданған жағдайда мемлекеттік бақылау органының лауазымды тұлғасы бақылаудағы тауарларға қатысты өкілеттіліктері бар тұлғалардың назарына жеткізілетін тауарды әкелуге жол бермеу туралы хабарламаны ресімдейді. Сонымен бір мезгілде қабылданған шешім туралы өткізу пунктінде орналасқан кедендік орган а қ п а р а т т а н д ы р ы л а д ы .

3.4. Мемлекеттік бақылау органдары әкелуге рұқсат бермеген бақылаудағы тауарлар ұлттық заңнаманы ескере отырып, импорт әкелуші мемлекеттің аумағы шегінен дереу әкетуге жатады. Әкетуді бақылаудағы тауарларға қатысты өкілеттігі бар тұлға өз есебінен кедендік ережелерді сақтай отырып жүргізеді. Экспорт шығарушы мемлекет мұндай тауарлардың өз кеден аумағына қайтарылуына кедергі жасамайды.

3.5. Бақылаудағы тауарларды ветеринарлық бақылау 1998 жылғы 22 қазанда ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ветеринария саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық кеңес бекіткен 1993 жылғы 12 наурыздағы Ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, сондай-ақ Мемлекеттік ветеринарлық қадағалау бақылауындағы жүктерге ветеринарлық ілеспе құжаттар берудің тәртібі туралы нұсқаулыққа және Етке ветеринарлық таңба басу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

3.6. Бақылаудағы тауарларға фитосанитариялық бақылау 1992 жылғы 13 қарашадағы Өсімдіктер карантині саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге

с әйкес жүзеге асырылады.

3.7. Бақылаудағы тауарларды санитарлық бақылау Тараптардың ұлттық заңнамаларына, ТМД мемлекеттері жасасқан көп жақты және екі жақты шарттар мен келісімдерге, сондай-ақ белгіленген халықаралық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады

2001 жылғы 28 қыркүйектегі
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы мемлекеттердің шекаралары
арқылы өткізілетін тауарларға
қатысты санитарлық, ветеринарлық
және фитосанитариялық бақылауды
ұйымдастыруға қойылатын жалпы
талаптар туралы ережеге
қосымша

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің шекаралары арқылы өткізу кезінде мемлекеттік санитарлық, ветеринарлық және фитосанитариялық бақылауға жататын тауарлардың БОЛЖАМДЫ ТІЗБЕЛЕРІ

ТМД	СЭҚ	ТН	Айқындамалардың	атауы
к	о	д		
1				2

02-топ. Ет және тағамдық қосымша ет өнімдері

0210 Тұздалған немесе тұзды судағы, кептірілген немесе ысталған ет және тағамдық қосымша ет өнімдері

**03-топ. Балық, шаян тәрізділер, моллюскілер,
басқа да судағы омыртқасыздар**

0303-тен	Тоңазытылған балық, балық сүбесі
0304-тен	Кептірілген балық, ыстықтай немесе суықтай ысталған б а л ы қ
0305-тен	Бөлшектелген және бөлшектелмеген, тірі, салқындатылған, тоңазытылған, кептірілген, тұздалған, немесе тұзды с у д а ғ ы ш а я н т ә р і з д е р , бөлшектелген, буда немесе қайнаған суда пісірілген, салқындатылған немесе салқындатылмаған, тоңазытылған,

кептірілген шаян тәрізділер
 0307-ден Шаян тәрізділер мен моллюскілерден басқа тірі, жас,
 салқындатылған, тоңазытылған, кептірілген, тұздалған
 немесе тұзды судағы басқа да судағы омыртқасыздар.
 Басқа да омыртқасыздардан жасалған ұн мен түйіршік

**04-топ. Сүт және сүт өнімдері; құстардың жұмыртқасы,
 табиғи бал, жануар тектестердің тағамдық өнімдері**

0401 Қойытылмаған және қант немесе өзге де тәттілендіретін
 заттар қосылмаған сүт және кілегей
 0402 Қойытылған немесе қант немесе өзге де тәттілендіретін
 заттар қосылмаған сүт және кілегей
 0403 Пахта, іріген сүт және қаймақ, йогурт, айран және өзге
 де ашытылған немесе ұйыған сүт пен қаймақ, қойытылған
 немесе қойытылмаған, қант немесе басқа да
 тәттілендірілген заттар қосылған немесе қосылмаған, хош
 иістендірілген немесе хош иістендірілмеген, жеміс-
 жидектер, жаңғақ немесе какао қосылған немесе
 қ о с ы л м а ғ а н
 0404 Қойытылған немесе қойытылмаған, қант немесе өзге де
 тәттілендіретін заттар қосылған немесе қосылмаған сүт
 сарысуы, басқа жерде аттары аталмаған қант немесе
 өзге де тәттілендіретін заттар қосылған немесе
 қосылмаған сүттің табиғи құрамдас бөліктерінен жасалған
 ө н і м д е р
 0405 Сары май мен басқа да сүт майлары, сүт пасталары
 0406 Сырлар мен ірімшіктер
 0407-ден Консервіленген немесе пісірілген құс жұмыртқалары
 0408 Қабықсыз құс жұмыртқалары мен жұмыртқаның сарысы
 1901-ден Арнайы балалар тағамы өнімдері
 3 5 0 3 - т е н Ж е л а т и н

**07-топ. Көкөністер және кейбір жеуге болатын тамырлы
 жемістер және түйнекті жемістер**

0701 Жас немесе салқындатылған картоп
 0702 00 Жас немесе салқындатылған томаттар
 0703 Жас немесе салқындатылған басты пияз, ұсақ басты пияз

	(шарлот), пияз-бидайық, сарымсақ және басқа да пияз тәріздес көкөністер
0704	Қауданды капуста, түрлі-түсті капуста, кольраби, шалғам және басқа да оған ұқсас жеуге болатын жас немесе салқындатылған жемістер
0706	Сәбіз, шалқан, асхана қызылшасы, тамырлы балдыркөк, шалғам және басқа да оған ұқсас жеуге болатын тамырлы жемістер
0707 00	Жас немесе салқындатылған қиярлар және корнишондар
0708	Аршылған немесе аршылмаған бұршақ көкөністері
0809	Жас немесе салқындатылған көкөністер

**08-топ. Жеуге болатын түбірлі жемістер мен жаңғақтар,
цитрус немесе бақша дақылдарының қыртысы мен қабықтары**

0801	Жас немесе кептірілген, қабығынан тазартылған немесе тазартылмаған, қабығы бар немесе қабықсыз кокос, бразилия жаңғақтары және кешью
0802	Басқа да жаңғақтар: бадам, орман, грек жаңғағы, талшындар, пістелер
0803 00	Банандар
0804	Жас немесе кептірілген құрмалар, інжірлер, ананастар, авокадолар, манголар
0805	Жас немесе кептірілген цитрус жемістері
0806	Жас немесе кептірілген жүзім
0807	Жас қауындар, қарбыздар мен папайялар
0808	Жас алмалар, алмұрттар мен бекелер
0809	Өріктер, шиелер, тәтті шиелер. Шабдалылар (бал шырындарын қоса алғанда)
0810	Басқа да жас түбірлі жемістер: бұлдірген, таңқұрай, қара бұлдірген, қарлыған, мүкжидек, қаражидек, итбұлдірген және басқа да жидектер.
0811	Тоңазытылған, қант немесе тәттілендіретін заттар қосылған түбірлі жемістер мен жаңғақтар (жас немесе суда немесе буда қайнатылған)
081400000	Цитрус жемістерінің қабықтары немесе бақша дақылдарының қыртыстары (жас, тоңазытылған, кептірілген немесе уақытша сақтау үшін тұзды суда консервіленген)

09-топ. Кофе, шай және татымды дәмі бар өсімдіктер

0901			Кофеині бар немесе кофеинсіз қуырылған немесе қуырылмаған кофе, кофенің жемісті дәні мен қабықтары, құрамында кофе бар кофе алмастырғыштар
0902			Хош иістендірілген немесе хош иістендірілмеген шай (көк және қара)
0904			Кептірілген, ұсақталған және ұнтақталған бұрыш
0905	00	000	Ваниль
0906			Қоңыр ағаштың дәмқабығы мен гүлдері
0907	00	000	Қалампыр (бүтін түбірлі жемісі, гүлдері)
0908			Жұпар жаңғақ, мацис, кардамон.
0909			Даршын, бадьян, фенхель, кориандр, зере тұқымдары, жидектер
0910			Зімбір, зағыпаран, тасшөп, жебіршөп (тасшөп), лавр жапырағы және басқалар.

10-топ. Астық нандары (тұқымдар мен жемшөп дәнінен басқа)

1001			Бидай мен бидай-қара бидай қоспасы (машақ).
1002	00	000,	Қара бидай, арпа, сұлы, жүгері, күріш,
1003	00,		қарақұмық, тары және басқа да дәнді
1004	000000,		дақылдар.
1005	,	1006,	
1007		00,	1008

11-топ. Ұн тарту-жарма өнеркәсібінің өнімдері, солод, крахмал, бидай ұлпасы

1101	00		Бидай немесе бидай-қара бидай күріш, жүгері ұны, сондай-ақ басқа да дәнді дақылдар ұны
1103			Дәнді дақылдар жармасы мен түйіршіктері
1105			Картоп, жарма, картоп үлпегі мен түйіршіктері
1106			Кептірілген бұршақ көкөнісінен жасалған ұн мен жарма
1107			Қуырылған немесе қуырылмаған солод
1108			Крахмал

15-топ. Жануарлар немесе өсімдік тектестердің майлары мен тоңмайлары және олардан ажыратылып алынған өнімдер

1507, 1508.	Өсімдік майлары және олардың фракциялары
1 5 0 9 ,	1 5 1 0 .
1 5 1 1 ,	1 5 1 2 .
1 5 1 3 ,	1 5 1 4 .
1 5 1 7	М а р г а р и н
1518 00-ден	Басқа да майлар мен тоңмайлар

16-топ. Еттен жасалған дайын тағамдар

1601 00	Шұжықтар мен еттен, қосымша ет өнімдерінен немесе қаннан жасалатын осыған ұқсас өнімдер, олардың негізінде дайындалған дайын тамақ өнімдері
1602	Еттен, тағамдық қосымша ет өнімдерінен немесе қаннан жасалған басқа да дайын немесе консервіленген өнімдер
1604	Дайын немесе консервіленген балық: бекіре уылдырығы (қара уылдырық) және басқа да балықтардың уылдырықтарынан жасалған уылдырықты алмастырғыштар: бүтін немесе сомдап бөлшектелген, бірақ туралмаған балық 1604-тауар айқындамасының).

17-топ. Қант пен қанттан жасалған кондитерлік бұйымдар

1701	Құрақтық немесе қызылша қанты мен химиялық таза сахароза, қатты күйінде
1702	Химиялық таза лактозаны, малтозаны, глюкозаны және фруктозаны қоса алғанда, қанттың басқа түрлері, қатты к ү й і н д е
1704	Құрамында какао жоқ қанттан жасалған кондитерлік бұйымдар (ақ шокаладты қоса алғанда)

18-топ. Какао мен одан жасалған өнімдер

180100000	Бүтін және ұсақталған, шикі немесе құрылған к а к а о - б ұ р ш а қ т а р
180200000	Какаоның какавелласы (кебегі, қабығы, қауызы) мен б а с қ а д а қ а л д ы қ т а р ы
1803	Майсызданған және майсызданбаған какао-паста
1804 00 000	Какао-май, какаодан жасалған

**19-топ. Астық дәндерінен, ұннан, крахмалдан және сүттен
жасалған тағамдар, ұннан жасалған кондитерлік тағамдар**

1901-ден	Солод шырсөлі, ұннан, жармадан, крахмалдан немесе солод шырсөлінен жасалған тамақ өнімдері
1902-ден	Пісірілген немесе пісірілмеген, ішіне бір нәрсе салынған немесе салынбаған макарон өнімдері
1903 00 000	Тапиока немесе оны алмастырғыштар Астық дәндерін немесе астық өнімдерін кептіру немесе қуыру арқылы алынған дайын өнімдер
1904	Нан, ұннан жасалған кондитерлік өнімдер, печенье мен басқа да нан-тоқаш және ұннан жасалған кондитерлік ө н і м д е р

**20-топ. Көкөністердің, жемістердің, жаңғақтардың немесе
өсімдіктердің басқа да бөліктерінен қайта өңделген өнімдер**

2001	Сірке суында немесе сірке қышқылында дайындалған немесе консервіленген көкөністер, жеміс-жидектер, жаңғақтар мен өсімдіктердің басқа да жеуге болатын б ө л і к т е р і .
2002	Сірке суын немесе сірке қышқылын қоспай дайындалған немесе консервіленген томаттар
2003	Сірке суын немесе сірке қышқылын қоспай дайындалған немесе консервіленген саңырауқұлақтар мен жерқұлақтар
2004, 2005	Сірке суын немесе сірке қышқылын қоспай дайындалған немесе консервіленген басқа да тоңазытылған және тоңазытылмаған көкөністер
2006, 2008	Қантта (шырын сіңірілген, жылтыратылған) немесе басқа да тәсілмен консервіленген жемістер, жаңғақтар, жемістердің қабықтары және өсімдіктердің басқа да б ө л і к т е р і
